

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Ғажайып Күз»

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.05.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/121088/

Білім беру саласы: « Қатынас »

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту.

Тақырыбы: «Ғажайып Күз»

Мақсаты: Балалардың күз мезгілі туралы түсініктері қалыптасады, мазмұнды сурет арқылы тіл байлықтары дамиды, жемістер мен көкөністерді ажырата алады.

Әдіс- тәсілдер; Жұмбақ жасыру,мазмұнды суреттер, Эйлер таблицасы ,санамақ,сұрақ – жауап.

Ұйымдастыру бөлімі

Балалар бүгін бізге көп қонақтар келді. Қане барлығымыз амандасайық.Сәлеметсіздерме!

Оқу қызметін жұмбақ жасырудан бастағым келіп отыр, жұмбақтың шешуін тапсақ бізге қонақ келеді.

1 Жұмбақ жасыру.

Жиып теріп болатын,

Қамбаға астық толатын.

Қызыл қырман ойнайтын,

Қай мегіл деп ойлайсын?

(Күз мезгілі)

2. Дұрыс таптыңыздар , жарайсыздар.

неге жапырақтар сары болады? Неліктен жаңбыр көп жауады? Ал адамдар неліктен жылы киінеді?

Балалар барлығымыз экранға назар аударайық.(Суретпен жұмыс жүргізу)

Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Ал балалар не теріп жатыр? **Балалар алма жеміспе, көкөніспе?**

3.Балалар ендеше барлығымыз тіл ұстарту жаттығуын қайталайықшы

Іс-іс іс

Піседі жеміс

Ер, ер, ер

Жемістерді тер.

4 бізге қонақ келе жатыр , ендеше қарсы алайық.

(Музыка әуенімен Күз ханшайымы келеді)

Сәлеметсіздерме балалар! Сәлем менің достарым,
Өмірге көп қосқаным,
Күз сыйлығын алыңдар
Сыйлығына қаныңдар.
Молшылыққа кенеліп,
Шаттық әнге салыңдар. деп Күз ханшайымы келеді

— Ой мұнда не болып жатыр балалар? Мен қайда келдім?

Тәрбиеші: Қош келдіңіз Күз ханшайымы, төрлетіңіз бізде Күз мезгілі туралы оқу қызметі болып жатыр.Біздің балалар сізге күз туралы тақпақ айтып береді.

.Ахмет:

Астық, жеміс жиылды,

Қамбамызға құйылды.

Ардақты күз мың алғыс.

Алдық өнім сыйымды.

Келді міне күз,

Айнала сары түс,

Керемет, тамаша

Қандай әсем күз хан

Тәрбиеші : Балалар барлығымыз тақтаға назар аударайықшы.Бұл Эйлер шеңбері деп аталады, біз екі бірдей сипаттамаға ортақ жемісті табуымыз керек.

Өзі қызыл , өзі сары, тәтті, ол не? (балаларды шақырып бір бірден тақтаға ілгізеді)

Тәрбиеші: Балалар мұнда екі түсті жапырақ бар, қызғылт жапырақ және жасыл жапырақ осы жапырақтарды таңдап екі топқа бөлініп отырамыз.

Сіздердің алдарыңызда құрастырғыш бар осы құрастырғыштан алма құрастырамыз,ал екінші топ алдарыңызда стаканда алмалардың жартысы жоқ алма бейнеленген .сіздер екінші жартысын тауып құрастырасыздар.

Күз ханшайымы: Балалар мен өзім келмедім бірге тағы қонағым бар.(музыка әуенімен алма ағашын алып келеді. Балалар алма ағашының көңіл күйі жоқ, өйткені оның жемістері түсіп қалған, сіздер оған көмектесесіздер ме?)

Алма ағашына балалар келіп алма жапсырады.

Күз ханшайымы ; Балалар мына жерде бізді біреу бақылап қарап тұрған сияқты .Ой балалар мен таптым,

- Бұл не балалар?
- .Бұл балалар асқабақ жай асқабақ емес сиқырлы асқабақ ол бізге бір нәрсе айтқысы келеді.Қане барлығымыз тыңдайықшы.(асқабақ сөйлейді)

Тәрбиеші: Асқабақтың сиқыры оның қалпағында екен санамақ айту арқылы оқу қызметін қорытындылайықшы,

Қане , кім айтады екен?

- Жақсы жарайсыздар балалар, топқа барғасын тағы ойнаймыз.

- Бүгінгі оқу қызметіне барлығыңыз керемет қатыстыңыздар .

Рахмет

Күз ханшайымы қоштасып , алма ағашымен шығып кетеді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.